

## **RoboLand 2019 фестивалінде Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және Италиядан келген 300 жуық команда жарысатын болады**

Робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың RoboLand халықаралық фестивалі Қарағандыда бесінші рет өткізілуде. Бүгінде ол жаңа технологияларға деген қызығушылығы бар балалар мен жасөспірімдер үшін Қазақстандағы ең ірі алаң.

Фестивальді ұйымдастырушы Халықаралық спорттық және білім робототехника ассоциациясы, Kazdidac ассоциациясы және демеушілер мен серіктестердің қолдауымен Қарағанды облысының Білім басқармасы болып табылады. Оның басты мақсаты – балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын насихаттау; инновациялық қызметтерді дамыту; білім робототехникасы саласында тәжірибелермен бөлісу; үздік робототехникалық командаларды анықтау.

2018 жылғы фестиваль қатысушылар мен санаттар саны бойынша рекорд орнатты. Ал биыл RoboLand өз форматын өзгертті. Мерейтойлық, бесінші фестиваль «Шығармашылық. Қуат. Жаңа мазмұн. Барлығы – беске!» деген ұранмен өтуде.

Ұйымдастырушы комитет жарыстар үшін ең қызықты әрі көрікті 13 санатты таңдап алды. Ең мықты командалар өз шеберлігін көрсетеді.

Ол үшін іріктеу кезеңдері өткізілді. Тек Қарағанды облысының қалалары мен аудандарында жарыстарға 1000 жуық балалар мен жасөспірімдер қатысты. Жеңімпаздар RoboLand-қа жолдамалар алды.

V-ші RoboLand фестиваліне 300 жуық команда тіркелді. Бұл дегеніміз 600 астам адам. Қатысушылар Қазақстанның барлық облыстарынан, Астана және Алматы қалаларынан, Ресейдің төрт аймағынан: Томск облысы, Новокузнецк (Кемеров облысы), Челябинск, Тольятти (Самарск облысы), және де Өзбекстан (Ташкент қ.) мен Италиядан (Sicily, Pachino) келеді.

Бірегей санат RoboLand-Friendship тұсаукесері өтеді. Фестиваль үшін оны арнайы қарағандылық мамандар әзірледі. Жарыстар достыққа негізделген. Италияндық команда дәл осы санатты таңдаған екен.

Тағы бір жаңа санат - АГРО CITY FARMING. Фестивальде алғаш рет биоинженерия саласындағы жобалардың сайысы өтеді.

Биыл мектепалды жасындағы қатысушылардың саны артқан. STEM ROBOT MOUSE санатында 18 команда өнер көрсетеді, олардың құрамына 4-6 жас аралығындағы балалар енеді.

Жарыстардың бас төрешісі – Максим Васильев, Спорттық және білім робототехникасы халықаралық ассоциациясының президенті (Мәскеу қ.). Жарыстарда тәуелсіз кәсіби алқа төрешілік ететін болады. Қорытындылар электронды әдіспен шығарылады.

Фестиваль аясында «Білім берудегі инновациялық әдістер -жас ұрпақ дамуының негізгі құралы» атты тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылған. Дәстүрлі

«Қарағандылық кездесулердің» қонақтары мен спикерлері - отандық және шетелдік жетекші мамандар. Олардың қатарында: «2018 жылғы Ресейдің жыл мұғалімі» сайысының лауреаты Максим Новиков (Екатеринбург қ.), Ресейдегі RoboCupJunior өкілі Евгений Шандаров (Томск қ.), Сүлеймен Демирел атындағы университет ректоры Қанат Қожахмет, Автоматизация және робототехника бойынша Қазақстан Ассоциацияның президенті Владимир Туреханов, өнертапқыш, ТМД-дағы Microsoft компаниясының серіктестік шешімдер құрылымын дамыту бойынша маманы - «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Санжар Мырзағалым және тағы басқалар.

Фестиваль алаңында робототехникалық жаңа өнімдердің көрмесі ұйымдастырылады. Қатысушылар мен қонақтар үшін RoboLand Party ұйымдастырылатын болады, бұл дегеніміз ниеттестер мен құрдастар ортасында ресми емес түрде бас қосу. Көрермендер үшін түрлі ойын-сауық бағдарламалар, шоулар және тұсаукесерлер дайындалған.

RoboLand фестивалі Қарағандыда 2015 жылдан бастап өткізіліп келеді. 2016 жылдан бастап оған халықаралық деген мәртебе берілген. Осы жылдар аралығында Қарағандыдағы фестивальдерге Ресей, Қырғызстан, Сербия және Польшадан командалар келіп қатысты.

**RoboLand 2019, 29-30 наурыз 2019 жыл, Қазақстан, Қарағанды, «Жастар» спорт кешені.**

*Анықтама үшін*

Бүгінде Қарағанды облысында 209 робототехника лабораториясы жұмыс істейді, 70 IT-класс пен 4 балалар технопаркі ашылған. Биылғы жылы тағы төрт технопарк ашып, өңірдің барлық мектептерін робототехника лабораторияларымен қамту көзделіп отыр.

2018 жылы қарағандылық оқушылар Қазақстан атынан алғаш рет Азия-Тынық мұхит өңірлерінің RoboCup халықаралық жарыстарына қатысты. Дубайда (БАӘ) өткен турнирда біздің команда қола жүлдені жеңіп алды.

2019 жылдың сәуірінде қарағандылықтар АҚШ-та өтетін робототехника бойынша әлемдік біріншілік VEX Competition өнер көрсетеді.